БЕКІТЕМІН
«Айша» балабақшасының директоры
С.Шамшадинова
_____

2024–2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

№	Мазмұны	Мерзімі	Аяқталу нысаны
1	**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің №1 отырысы.** **Күн тәртібінде:** 1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекіту. 2. Педагогтің кәсіби жауапкершілігі мен педагогикалық мәдениеті. 3. Білім беру ұйымындағы әдеп нормаларын сақтау талаптары.	Қыркүйек 2024 жыл	Хаттама
2	**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің №2 отырысы.** **Күн тәртібінде:** 1. Педагог пен ата-ана арасындағы өзара сыйластық пен тиімді қарым-қатынас. 2. Педагогтің эмоционалдық тұрақтылығы және жанжал жағдайларын шешу жолдары. 3. Ұжымдағы жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыру.	Қараша 2024 жыл	Хаттама
3	**«Заманауи педагог бейнесі» атты пікір алмасу алаңы.** Педагогтің кәсіби дамуы, әдеп құндылықтары және балабақшадағы мәдени қарым-қатынас мәселелері бойынша кездесу.	Қаңтар 2025 жыл	Кездесу анықтамасы
4	**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің №3 отырысы.** **Күн тәртібінде:** 1. Педагогтердің кәсіби құқықтары мен міндеттерін сақтау. 2. Педагогтің қоғамдағы беделі және мәдени мінез-құлық үлгісі. 3. Балабақшадағы әдеп талаптарын жетілдіру бағыттары.	Наурыз 2025 жыл	Хаттама
5	**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің №4 отырысы.** **Күн тәртібінде:** 1. 2024–2025 оқу жылындағы педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес жұмысының қорытындысы. 2. Педагогтердің кәсіби этика талаптарын орындау нәтижелері. 3. 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс бағыттары мен ұсыныстар.	Мамыр 2025 жыл	Хаттама

«Айша» балабақшасы

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының №1 хаттамасы

Күні: «5» қыркүйек 2024 жыл
Қатысқандар: 10 адам
Кеңес төрайымы:Шамшадинова С.
Хатшы: Акжигитова У.

Күн тәртібі:

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2024–2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.
2. Педагогтің кәсіби жауапкершілігі мен педагогикалық мәдениеті.
3. Білім беру ұйымындағы әдеп нормаларын сақтау талаптары.

Тыңдалды:

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес төрайымы Шамшадинова С., 2024–2025 оқу жылына арналған педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспарын таныстырды. Жұмыс жоспарының негізгі мақсаты – балабақша ұжымындағы педагогтердің кәсіби мәдениетін қалыптастыру, педагогикалық әдеп нормаларын сақтау, балалармен, ата-аналармен және әріптестермен дұрыс қарым-қатынас орнату екендігі айтылды.Жоспарда педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру, қызметтік әдеп талаптарын сақтау, ұжымдағы өзара сыйластық қарым-қатынасты нығайту, педагог мәртебесін көтеру және балабақшадағы жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыру бағыттары қарастырылғаны атап өтілді.Жоспарда қарастырылған мәселелер бойынша түсіндірме беріліп, әр отырыста педагогтердің кәсіби жауапкершілігі, әдеп мәдениеті, сөйлеу мәдениеті, ұжымдағы қарым-қатынас және педагог мәртебесін арттыру бағыттары қарастырылатыны атап өтілді. Кеңес мүшелері жұмыс жоспарына өз ұсыныстарын білдіріп, жоспарды талқылады.

Сөз сөйледі:

Әдіскер Акжигитова У., педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспары балабақшадағы педагогтердің кәсіби дамуына, өзара қарым-қатынас мәдениетін жетілдіруге және қызметтік міндеттерін сапалы орындауына бағытталғанын атап өтті.Сонымен қатар педагогтің күнделікті жұмыс барысында балаларға мейірімділікпен қарап, ата-аналармен және әріптестермен сыпайы, мәдениетті қарым-қатынас жасауы маңызды екендігін айтты. Педагогтің сыртқы келбеті, сөйлеу мәнері, өзін-өзі ұстауы оның кәсіби бейнесін қалыптастыратыны туралы пікір білдірді.

Тәрбиеші Төребаева Г. сөз сөйлеп, педагогикалық әдеп нормаларын сақтау балабақшадағы тәрбиелік ортаның сапасына әсер ететінін айтты. Әр педагог өз ісімен балаларға үлгі болуы, жауапкершілікпен жұмыс жасауы және

ұжымда жағымды ахуал қалыптастыруға үлес қосуы қажет екенін атап өтті.Кеңес мүшелері педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспарын қолдап, ұсыныстарын ортаға салды. Педагогтердің кәсіби мәдениетін арттыру, әдеп талаптарын сақтау және ұжымдық бірлікті нығайту бойынша жұмыстарды жүйелі түрде жүргізу қажеттілігі айтылды.

2-мәселе бойынша педагогтердің кәсіби міндеттерін жауапкершілікпен орындауы, балалармен және ата-аналармен қарым-қатынаста педагогикалық әдепті сақтау мәселелері қарастырылды.Сонымен қатар педагогтердің күнделікті жұмыс барысында сабырлылық танытуы, кез келген жағдайда әдепті сөйлеуі, балалардың ар-намысы мен жеке тұлғасын құрметтеуі маңызды екендігі түсіндірілді. Педагогтің балаға айтқан әрбір сөзі мен жасаған әрекеті тәрбиелік мәнге ие болатыны туралы айтылды.Ата-аналармен қарым-қатынас жасау кезінде өзара түсіністік пен сыйластық қағидаларын сақтау қажеттілігі қарастырылды. Педагог ата-анамен баланың тәрбиесі мен дамуына байланысты мәселелерді бірлесіп шешіп, ата-ананың пікірін тыңдай білуі және кәсіби мәдениетін көрсете алуы керектігі айтылды.Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау ұжымдағы жағымды қарым-қатынасты қалыптастыруға, балабақша беделін арттыруға және тәрбиелік үдерістің сапасын жақсартуға ықпал ететіні атап өтілді.

Сөз сөйледі:

Тәрбиеші Сапарова Г.сөз алып, педагогтің кәсіби міндеттерін сапалы орындауы баланың дамуы мен тәрбиесіне тікелей әсер ететінін айтты. Әр педагог баланың жас ерекшелігін ескеріп, жеке тұлға ретінде қабылдап, оған дұрыс бағыт-бағдар беруі қажет екендігін атап өтті.Педагог ата-аналармен жұмыс барысында ашық әрі мәдениетті қарым-қатынас орнатып, туындаған мәселелерді сабырлықпен шешуі керек екенін айтты. Ата-анамен дұрыс байланыс орнату баланың тәрбиесіне оң әсер ететінін және балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайтатынын жеткізді.Сонымен қатар педагогтердің бір-біріне қолдау көрсетуі, әріптестік қарым-қатынасты сақтау, ұжымда өзара құрмет пен сенімділік қалыптастыру маңызды екендігі туралы пікір білдірді.Кеңес мүшелері мәселені талқылап, педагогтердің кәсіби жауапкершілігін арттыру, балалармен және ата-аналармен қарым-қатынаста педагогикалық әдеп талаптарын сақтау бойынша ұсыныстарын айтты.

3-мәселе бойынша:

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшесі ақпанбетова А., балабақша қызметкерлерінің әдеп нормаларын сақтауы, педагогтің кәсіби бейнесі, сыртқы келбеті, сөйлеу мәдениеті және мінез-құлық талаптары туралы

баяндама жасады.Балабақша қызметкері өз жұмысында тек кәсіби білімін көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар жоғары мәдениетті, әдепті және жауапты тұлға ретінде көрінуі қажет екендігі айтылды. Педагогтің әрбір әрекеті мен қарым-қатынас үлгісі балаларға тәрбие берудің маңызды бөлігі болып саналатыны атап өтілді.Педагогтердің сыртқы келбетіне қойылатын талаптар туралы айтылып, жұмыс барысында ұқыпты, жинақы, балабақша қызметкерінің мәртебесіне сай киінуі қажет екендігі түсіндірілді. Сыртқы келбет педагогтің кәсіби имиджін қалыптастыратын маңызды көрсеткіштердің бірі екені айтылды.Сонымен қатар сөйлеу мәдениетіне ерекше тоқталды. Педагог балалармен, ата-аналармен және әріптестерімен сөйлесу барысында сыпайы, түсінікті және жағымды қарым-қатынас орнатуы керектігі айтылды. Дауыс ырғағын дұрыс қолдану, сөздерді мәдениетті түрде жеткізу, орынсыз эмоцияға берілмеу педагогикалық әдептің негізгі талаптарының бірі екендігі атап өтілді.Мінез-құлық талаптары бойынша педагогтердің ұжым ішінде өзара сыйластық сақтауы, әріптестерінің пікірін құрметтеуі, жұмыс уақытында жауапкершілік танытуы және балабақша беделін арттыруға үлес қосуы қажеттілігі қарастырылды.Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау балаларға қолайлы орта қалыптастыруға, ата-аналардың сенімін арттыруға және ұжымдағы жағымды психологиялық ахуалды сақтауға мүмкіндік беретіні айтылды.

Сөз сөйледі:

Тәрбиеші Губайдуллина М. сөз алып, педагогтің сыртқы келбеті мен мәдениеті оның кәсіби тұлғасын көрсететінін айтты. Балалар күнделікті қарым-қатынас барысында педагогтен үлгі алатындықтан, әр қызметкер өз ісімен, сөйлеу мәнерімен және мінез-құлқымен жақсы үлгі көрсетуі қажет екенін атап өтті.Тәрбиеші Төребаева Г. педагогтердің бір-бірімен қарым-қатынасы да маңызды екенін айтып, ұжымдағы сыйластық пен түсіністік жұмыс сапасына оң әсер ететінін жеткізді. Әріптестер арасында қолдау көрсету, көмек беру және ортақ мақсатта бірлесіп жұмыс жасау қажеттілігі туралы пікір білдірді.Кеңес мүшелері мәселені талқылап, балабақша қызметкерлерінің педагогикалық әдеп талаптарын сақтауын, кәсіби мәдениетін жетілдіруін және балаларға тәрбиелік үлгі болуын қамтамасыз ету бойынша ұсыныстарын айтты.

Шешім:

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Педагогтер кәсіби әдеп нормаларын сақтасын.
3. Әдеп талаптарын сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

Кеңес төрағасы:
Хатшы:

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының №2 хаттамасы

Күні: «11» қараша 2024 жыл

Күн тәртібі:

1. Педагог пен ата-ана арасындағы өзара сыйластық пен тиімді қарым-қатынас.
2. Педагогтің эмоционалдық тұрақтылығы және жанжал жағдайларын шешу жолдары.
3. Ұжымдағы жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыру.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Педагог пен ата-ана арасындағы өзара сыйластық пен тиімді қарым-қатынас туралы педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшесі Ақпанбетова А. баяндама жасады.Баяндама барысында балабақша мен отбасы арасындағы тығыз байланыстың бала тәрбиесінде маңызды орын алатыны айтылды. Педагог ата-анамен қарым-қатынас жасау кезінде әдептілік, сабырлылық және кәсіби мәдениет талаптарын сақтауы қажет екендігі түсіндірілді.Ата-ананың пікірін тыңдау, баланың дамуы мен тәрбиесіне байланысты мәселелерді бірлесіп шешу, түсіністікпен қарым-қатынас орнату педагогтің басты міндеттерінің бірі екендігі атап өтілді.Педагогтердің ата-аналармен сөйлесу барысында дауыс ырғағына, сөз мәдениетіне мән беруі, кез келген жағдайды мәдениетті түрде шешуі қажеттілігі айтылды. Ата-анамен дұрыс қарым-қатынас орнату балабақшаға деген сенімді арттыратыны туралы айтылды.

Сөз сөйледі:

Тәрбиеші Сапаровасө Г. сөз алып, ата-анамен жақсы қарым-қатынас орнату үшін педагог әрдайым ашық, сыпайы және түсіністікпен сөйлесуі қажет екенін айтты.Сонымен қатар ата-аналармен тұрақты байланыс жасау, баланың жетістіктері мен қиындықтары туралы уақытылы ақпарат беру бала тәрбиесінің нәтижелі болуына ықпал ететінін атап өтті.

2-мәселе бойынша:

Педагогтің эмоционалдық тұрақтылығы және жанжал жағдайларын шешу жолдары туралы Шамшадинова С., түсіндірме берді.Педагог қызметінде әртүрлі жағдайлар кездесетіндігі, осындай кезде маман өз эмоциясын басқара білуі, сабырлылық танытып, мәселені дұрыс шешу жолдарын таңдауы қажет екендігі айтылды.

Балалармен жұмыс барысында педагогтің көңіл-күйі мен қарым-қатынас мәнері маңызды рөл атқаратыны түсіндірілді. Баламен сөйлесу кезінде мейірімділік, шыдамдылық және қолдау көрсету қағидаларын сақтау қажеттілігі айтылды.

Жанжал жағдайлары туындаған кезде мәселені ушықтырмай, екі тараптың пікірін тыңдап, педагогикалық әдеп талаптарына сай шешу жолдары қарастырылды.

Сөз сөйледі:

Әдіскер Акжигитова У. педагогтің кәсіби мәдениеті оның қиын жағдайларда өзін ұстай білуімен бағаланатынын айтты.Педагог кез келген жағдайда сабыр сақтап, әріптестерімен, ата-аналармен және балалармен дұрыс қарым-қатынас орнатуы қажет екенін атап өтті.

3-мәселе бойынша:

Ұжымдағы жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыру туралы педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшесі Ақпанбетова А. сөз алып, баяндама жасады.Ұжымдағы өзара сыйластық, түсіністік және қолдау көрсету балабақшадағы жұмыс сапасын арттыратыны айтылды. Әр педагог әріптестерінің еңбегін құрметтеп, бірлескен жұмыс барысында мәдени қарым-қатынас жасауы қажет екендігі түсіндірілді.Жағымды психологиялық орта қалыптасқан жағдайда педагогтердің шығармашылық белсенділігі артып, балаларға көрсетілетін тәрбие сапасы жақсаратыны атап өтілді.Ұжымда келіспеушілік жағдайлардың алдын алу, бір-біріне көмек көрсету және ортақ мақсатта жұмыс жасау қажеттілігі айтылды.

Сөз сөйледі:

Тәрбиеші Төребекқызы Г.ұжымдағы жақсы қарым-қатынас әр қызметкердің мәдениеті мен жауапкершілігіне байланысты екенін айтты.Әріптестер арасында өзара қолдау, сыйластық және сенімділік болған жағдайда жұмыс нәтижесі жоғары болатынын атап өтті.Кеңес мүшелері мәселені талқылап, педагогикалық әдеп нормаларын сақтау, ата-аналармен дұрыс байланыс орнату және ұжымда жағымды ахуал қалыптастыру бойынша ұсыныстарын білдірді.

Шешім:

1. Ата-аналармен қарым-қатынаста педагогикалық әдеп талаптары сақталсын.

2. Педагогтер қиын жағдайларда сабырлылық танытып, жанжалдарды мәдениетті түрде шешсін.
3. Ұжымда өзара сыйластық пен қолдау көрсету жұмыстары жалғастырылсын.
4. Педагогтердің кәсіби мәдениетін арттыру бағытында жұмыстар жүргізілсін.

Кеңес төрағасы: _____

Хатшы: _____

«Айша» балабақшасы
«Заманауи педагог бейнесі» атты пікір алмасу алаңының анықтамасы

Күні: «15» қаңтар 2025 жыл

Іс-шара тақырыбы: «Заманауи педагог бейнесі»

Қатысушылар: балабақша педагогтері

Мақсаты:
Педагогтердің кәсіби мәдениетін арттыру, педагогикалық әдеп құндылықтарын насихаттау және тәжірибе алмасу.

Өту барысы:

Кездесу барысында педагог мәртебесі, кәсіби даму, әдеп қағидалары және балалармен қарым-қатынас мәдениеті туралы пікір алмасу жүргізілді. Педагогтер өз ойларын ортаға салып, тәжірибелерімен бөлісті.

Қорытынды:

Кездесу нәтижесінде педагогтердің кәсіби құндылықтарын нығайту, әдеп нормаларын сақтау және ұжымдық мәдениетті дамыту бойынша ұсыныстар берілді.

Жауапты: _____

«Айша» балабақшасы

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының №3 хаттамасы

Күні: «13» наурыз 2025 жыл

Қатысқандар: балабақша директоры, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері, педагогтер

Кеңес төрағасы: _____

Хатшы: _____

Күн тәртібі:

1. Педагогтердің кәсіби құқықтары мен міндеттері.
2. Педагогтің қоғамдағы беделі және мәдени мінез-құлық үлгісі.
3. Балабақшадағы әдеп талаптарын жетілдіру бағыттары.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшесі Акжигитова У.М сөз алып, педагогтердің кәсіби құқықтары мен міндеттері туралы баяндама жасады.Баяндамашы педагогтердің Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамаларына сәйкес құқықтары мен міндеттері бар екенін атап өтті. Педагогтердің кәсіби қызметін еркін жүзеге асыруға, біліктілігін арттыруға, кәсіби абыройы мен қадір-қасиетінің қорғалуына құқығы бар екендігі түсіндірілді.Сонымен қатар педагогтердің білім беру бағдарламаларын сапалы іске асыруы, балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз етуі, ішкі тәртіп ережелерін сақтауы және кәсіби әдеп талаптарын орындауы міндет екендігі айтылды.Педагогтің өз қызметіне жауапкершілікпен қарап, тәрбиеленушілерге үлгі бола білуі, кәсіби құзыреттілігін үнемі жетілдіріп отыруы қажеттілігі туралы айтылды.

Сөз сөйледі:

Тәрбиеші Тулепбергенова Ж. сөз алып, педагогтің құқықтары мен міндеттері бір-бірімен тығыз байланысты екенін айтты. Әрбір педагог өз құқығын білуімен қатар, өз міндеттерін де адал орындауы қажет екенін атап өтті. Педагогтердің кәсіби дамуы мен біліктілігін арттыру бүгінгі күннің маңызды талаптарының бірі екендігін айтып, өз білімін үнемі жетілдіріп отыру әр маманның міндеті екенін жеткізді.

2-мәселе бойынша:

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшесі Төребаева Г. педагогтің қоғамдағы беделі және мәдени мінез-құлық үлгісі туралы баяндама жасады.Баяндама барысында педагогтің қоғамдағы орны ерекше екендігі, оның тек білім беруші ғана емес, өскелең ұрпаққа тәрбие беретін тұлға екендігі айтылды.Педагогтің сөйлеу мәдениеті, сыртқы келбеті, адамдармен қарым-қатынас жасау әдебі және қоғамдық орындардағы мінез-құлқы оның кәсіби беделін қалыптастыратыны түсіндірілді.Балалардың педагогке қарап бой түзейтіні, сондықтан әрбір педагог өз іс-әрекетімен, мәдениетімен және адамгершілік қасиеттерімен үлгі болуы қажеттігі атап өтілді.

Сөз сөйледі:

Тәрбиеші сөз алып, педагогтің қоғамдағы беделі оның күнделікті қызметімен және тәрбиелік жұмысының нәтижесімен өлшенетінін айтты.Әдіскер Акжигитова У. педагог қандай жағдайда болмасын әдептілік танытып, балаларға, ата-аналарға және әріптестеріне құрметпен қарауы қажет екенін атап өтті.Кеңес мүшелері педагогтің оң имиджін қалыптастыру мақсатында кәсіби мәдениетті жетілдіру жұмыстарын жалғастыру қажеттігін айтты.

3-мәселе бойынша:

Балабақшадағы әдеп талаптарын жетілдіру бағыттары туралы кеңес мүшесі Ақпанбетова А. баяндама жасады.Баяндамада педагогикалық әдеп талаптарын сақтау ұйымдағы қолайлы психологиялық ахуалды қалыптастырудың маңызды факторы екендігі айтылды. Педагогтердің өзара қарым-қатынас мәдениеті, қызметтік этикасы және кәсіби жауапкершілігі туралы мәселелер қарастырылды.Балабақшада әдеп нормаларын сақтау бойынша түсіндіру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу, педагогтердің сөйлеу мәдениетін жетілдіру және қызметтік қарым-қатынасты нығайту бағытында жұмыстарды жалғастыру ұсынылды.Сонымен қатар ата-аналармен және тәрбиеленушілермен қарым-қатынас барысында педагогикалық әдеп талаптарын сақтау деңгейін арттыру мәселелері қозғалды.

Сөз сөйледі:

Тәрбиеші Сапарова Г. балабақшадағы жағымды моральдық-психологиялық ахуал педагогтердің өзара сыйластығы мен мәдени қарым-қатынасына байланысты екенін айтты.Педагогикалық әдеп талаптарын сақтау білім беру ұйымының беделін көтеруге ықпал ететіндігін атап өтті.

Кеңес мүшелері әдеп нормаларын сақтау бойынша семинарлар, дөңгелек үстелдер мен тәжірибе алмасу жұмыстарын тұрақты өткізу туралы ұсыныстарын білдірді.

Шешім:

1. Педагогтер өз құқықтары мен міндеттерін сақтасын және кәсіби қызметінде заң талаптарын басшылыққа алсын.
2. Педагогтердің кәсіби мәдениеті мен педагогикалық әдеп талаптарын сақтау жұмыстары тұрақты бақылауда болсын.
3. Педагогтің қоғамдағы оң беделін қалыптастыру бағытындағы жұмыстар жалғастырылсын.
4. Балабақшадағы әдеп талаптарын жетілдіру бойынша түсіндіру және әдістемелік жұмыстар жүйелі түрде жүргізілсін.
5. Ұжымда өзара сыйластық пен қолайлы психологиялық ахуалды қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар жалғастырылсын.

Кеңес төрағасы: _____

Хатшы: _____

«Айша» балабақшасы

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының №4 хаттамасы

Күні: «27» мамыр 2025 жыл

Қатысқандар: балабақша директоры, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері, педагогтер

Кеңес төрағасы: _____

Хатшы: _____

Күн тәртібі:

1. 2024–2025 оқу жылындағы педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес жұмысының қорытындысы.
2. Педагогтердің кәсіби этика талаптарын орындау нәтижелері.
3. 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс бағыттары мен ұсыныстар.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы Шамшадинова С. сөз алып, 2024–2025 оқу жылында атқарылған жұмыстар бойынша қорытынды есеп берді.Есеп барысында жыл бойы өткізілген педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырыстары, семинарлар, кеңестер, түсіндіру жұмыстары және педагогтердің кәсіби мәдениетін жетілдіруге бағытталған іс-шаралар туралы ақпарат берілді.Оқу жылы ішінде педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау, ұжымдағы өзара сыйластықты нығайту, ата-аналармен тиімді қарым-қатынас орнату және педагогтердің кәсіби имиджін қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілгені айтылды.Сондай-ақ педагогтердің педагогикалық әдеп нормаларын сақтауы бойынша мониторинг жүргізіліп, оның нәтижелері талданғаны туралы мәлімет берілді. Жыл бойында әдеп қағидаларын өрескел бұзу жағдайлары тіркелмегені атап өтілді.

Сөз сөйледі:

Әдіскер Акжигитова У. жыл бойы өткізілген іс-шаралардың педагогтердің кәсіби мәдениетін арттыруға оң ықпал еткенін айтты. Кеңес жұмыстарының нәтижесінде педагогтердің ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынас мәдениеті жақсарғанын атап өтті.

2-мәселе бойынша:

Педагогтердің кәсіби этика талаптарын орындау нәтижелері туралы педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшесі Ақпанбетова А. баяндама жасады.Баяндама барысында педагогтердің қызметтік міндеттерін орындау барысында педагогикалық әдеп қағидаларын басшылыққа алғаны айтылды. Педагогтердің балалармен, ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынаста әдептілік пен мәдениеттілікті сақтауға ерекше көңіл бөлгені атап өтілді.Сонымен қатар педагогтердің сөйлеу мәдениеті, сыртқы келбеті, кәсіби мінез-құлқы және ұжымдағы өзара қарым-қатынасы талданып, олардың кәсіби этика талаптарына сай екендігі көрсетілді.Балабақшада қолайлы психологиялық ахуал қалыптасқаны, педагогтердің бір-біріне қолдау көрсетіп, өзара түсіністік негізінде жұмыс атқарғаны айтылды.

Сөз сөйледі:

Тәрбиеші Төебекқызы Г. педагогикалық этика талаптарын сақтау педагог беделінің артуына ықпал ететіндігін атап өтті.Педагог Құлқаева Г. жыл бойы кәсіби әдеп талаптарын сақтау бойынша жүргізілген жұмыстардың тиімді болғанын және бұл бағыттағы жұмыстарды алдағы уақытта да жалғастыру қажеттігін айтты.

3-мәселе бойынша:

2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс бағыттары мен ұсыныстар туралы кеңес мүшесі Акпанбетова А. сөз сөйледі.Алдағы оқу жылында педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, педагогикалық әдеп нормаларын жетілдіру, ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту және ұжымдық мәдениетті дамыту бағытында жұмыстар жүргізу ұсынылды.Сондай-ақ педагогтердің цифрлық ортадағы мәдениеті, әлеуметтік желілерді пайдалану кезіндегі жауапкершілігі, кәсіби имиджін қалыптастыру мәселелеріне ерекше назар аудару қажеттігі айтылды.Педагогикалық әдеп талаптарын насихаттау бойынша семинарлар, дөңгелек үстелдер, тәжірибе алмасу алаңдарын ұйымдастыру туралы ұсыныстар енгізілді.

Сөз сөйледі:

Әдіскер Акжигитова У. келесі оқу жылында педагогтердің кәсіби мәдениетін жетілдіруге арналған іс-шаралардың санын көбейту туралы ұсыныс білдірді. педагогтердің шығармашылық белсенділігін арттыру және ұжымдағы жағымды психологиялық ахуалды сақтау бағытындағы жұмыстарды жалғастыру қажеттігін айтты.Кеңес мүшелері ұсыныстарды талқылап, келесі оқу жылына арналған жұмыс бағыттарын қолдады.

шешім:

1. 2024–2025 оқу жылындағы педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысы қанағаттанарлық деп бағалансын.

2. Педагогтердің кәсіби этика талаптарын сақтау және жетілдіру бағытындағы жұмыстар жалғастырылсын.
3. Педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау бойынша түсіндіру және профилактикалық жұмыстар тұрақты түрде жүргізілсін.
4. 2025–2026 оқу жылына арналған ұсыныстар жұмыс жоспарына енгізілсін.
5. Педагогтердің кәсіби мәдениетін, сөйлеу әдебін және ата-аналармен қарым-қатынас мәдениетін жетілдіру бағытындағы жұмыстар жалғастырылсын.

Кеңес төрағасы: _____

Хатшы: _____